

Құрметті әріптестер!



«West Dala» басшылығы тарапынан екпе салдыртуға шақырулары қызметкерлерінің денсаулығына жанашырлық танытумен айтылған. Тіпті, бір адамнан тәжді індет белгісі табылса, бірнеше әріптестеріне жұқтыруы мүмкін, отбасы мүшелерін айтпағанда. Ұжымда екпе салдырған жұмысшылар көбейген сайын, бәріміздің індеттен жақсылап қорғалған сенімділігіміз жоғарлайды. Біреулер COVID-19 қауіпі асыра сілтеп айтылған деп санауы мүмкін, себебі оның өзі немесе жақын адамдары ауруды жеңіл түрде өткерді немесе белгісіз. Әрине, олай да болуы мүмкін. Бірақ, біреулер үшін індет жұқтыру өлімге алып

келетінін де ұмытпаған жөн. Сондықтан, екпе салдырта отырып, біздер тек өз денсаулығымызды ғана ойлап қоймай, айналамызды қоршаған адамдардың денсаулығына қамқорлық жасаймыз.

Егер, жеткілікті мөлшердегі адамдар екпе салдыртатын болса, келесілер болады: медициналық көрсеткіштеріне орай, екпе салдырмаған адамдарды жанамалап қорғай отырып, індеттің жұқтыру тізбегін үзетін көзге көрінбейтін бірнеше қалқандар қалыптасады. Осылайша біздер COVID-19 пандемиясын тоқтатуға көмектесетін ұжымдық иммунитеттің қалыптасуына жетеміз!

«West Dala» ЖШС
Бас Механик
Роман Қайранбаев

Құрметті әріптестер!



COVID-19 індетінің бірінші толқынында барша адамзат қарапайым дәрі-дәрмектің болмау қиындығымен соқтығысты. Ауруды емдеу хаттамасы мен дәрі-дәрмектер тізімі екі түрлі әрі өзгеріп отырды. Планетаның әр бұрышында үнемі болып тұратын және болған түрлі эпидемиялар мен тұмау түрлері осы уақытта көпшіліктің назарын бәсеңдетіп, баршасында осы жолы індет айналып өтеді деген үміт болды. COVID-19 тақырыбына мессенджерлер мен жіберілулер және ғаламтор желілерінде таратылған әр түрлі және қайшылықты ақпараттардың үлкен ағыны пайда болды, қоғамда

көптеген әр қилы пікірлер туындады, соның ішінде күмәнға берілгендер. Әу бастан адамзат үміті көп қиындықтарды шешетін, планетаның барлық тұрғындары соқтығысқан екпе ойлап табу болатын. Алайда, өкінішке орай, екпе ойластырылғанымен, оған күмәнмен қараушылар қатары азаймады. Бүгінгі таңға дейін талқылаулар мен сансыз ақпараттар ағыны жалғасуда, әрқилы түсініктері бойынша халық пен қызметкерлердің жартысы қарсылық білдіруінен ұжымдық иммунитет қалыптастырудың қарқыны әлі де жеткіліксіз болуда. Бұл уақытта індет мутацияға ұшырап, індеттің түрлі жаңа штамдары пайда болуда, әріден күмәнданулар жағдайды ушықтырып, әлі де талай жақсартуды керек етуде.

Жетерліктей уақыт өтті, тіпті қыруар екпелер өңделініп шығарылды, олар ӘДҰ-мен расталынды және клиникалық сынақтардан өткізілді. Тұрғындардың көп бөлігіне екпе салдырту жолымен ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға жеткен елдер ғана әдеттегі тұрмыс салтына қайтып оралуда. Бүгінгі таңда дүние жүзі және еліміз бойынша туындаған жағдайдан тезірек шығудың жалғыз жолы өзіне, жақындары мен қоғамға байсалдылықпен қарауды талап ететін жаппай екпе салдырту екендігі айдан анық. Барлықтарыңызды қалыс қалмауға шақырамын және бізге қатыстының бәрін жасау. Екпе салдыру мен ұжымдық иммунитет қалыптастыру – әдеттегі тұрмыс салтымызға оралудың бір ғана жолы!

«West Dala» ЖШС
Көлік бөлімінің басшысы
Рустам Алманбетов

Құрметті әріптестер!



COVID-19 алып келетін қауіппен соқтығысу ықтималы әлі күнге дейін баршылық. Әдеттегі жұмыс үдерісіне толықтай қайтып оралу үшін бірігіп күресуді жалғастыру қажет.

«West Dala» әр жұмысшысының тапсырмасы – індеттен қорғануға қажетті шараларды барынша жауапкершілікпен қадағалау. Сауалдың ақиқат шешімі екпе салдырту болып табылады. Тек жаппай екпе салдыртудың маңызды көрсеткішінде ғана аурудың өсімі тоқтатылады. Жаппай екпе салдырту

болмаса, көрсеткіштің тек бірнешесі ғана төмендейді, бұдан проблема шешілмейді.

Әрине екпе салдыру – әркімнің ісі, бұл сауалға барынша байсалдылықпен келу керек. Медициналық қарсы көрсетімдердің жоқтығына көз жеткізу қажет. Сондай-ақ мынаны түсінген жөн, кейбір аурушандықтарда, аурудың ауыр ағыны болмас үшін, екпені тезірек алған жақсырақ екендігін.

Екпе салдыру – баршамыздың ортақ игілігіміз бен ортақ денсаулығымыздың пайдасы үшін жеке таңдау!

«West Dala» ЖШС
КӨЖОКП кешені басшысы
Ербол Мәжитов

Екпе салдыруға қарсылық танытушылар COVID-19 қарсы екпесі қарсы көрсетім тізіміне енген аурулардың қозуына алып келуі мүмкін дегенді тұжырымдайды. Медицина ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, репродуктивтік медицинаның Қазақстандық ассоциация президенті Вячеслав Локшин бұл тұжырымға өз көзқарасын білдірді: «Екпе сынағының үшінші фазасының көбісі аяқталды. Шындығында төртінші фазасы да бар: Pfizerді Жер шарының жарты миллиард адамы алды, Sputnik-V - 40 миллионнан асады. Тіпті, қазақстандық QazVac екпесін он мыңдаған адам алды. Екпе мүлдем жаңа болып табылмайды. QazVac әлсізденген немесе өлтірілген вирусты қолданатын әйгілі технология негізінде жасалынған, бұл технология әлем бойынша бұрыннан қолданыста. Векторлық Спутникке қатысты айтарымыз – бұл технология Эболаның алдын-алу үшін жасалынған, оның ешқандай айрықша қиындығы жоқ. Жаңа РНҚ екпесі (Pfizer), әрине, барынша заманауи, бірақ онда қауіпсіз технология әжептәуір қолданылады. Дүние жүзінде екпе салдырғандардың жалпы саны, мүмкін, бір миллиард адамға таянған болар. Асқынұлар пайызы белгілі, пайыздың мыңдаған үлесін құрайды. Ал, тәжді індеттің дельта-нұсқасынан қайтыс болу бірден үшке дейінгі пайызды құрайды. Ондаған мың ретке жоғары. Бұл өлім-жітім, мен ауруды айтып тұрғаным жоқ. Ал, екпенің жанама әсерлері – қол ауыру, дене қызуының көтерілуі және тағы басқа, пайыздың жүздеген ғана үлесін құрайды, өлім – он мыңдаған үлесін. Өкінішке орай, кез-келген екпе, кез-келген дәрі, кез-келген дәрмектің жанама әсерлері болады, бірақ ауруға қарағанда, олардың қауіпі барынша аз», - деп мәлімдеді Локшин.

«Іскер Қазақстан» газеті, 19 шілде, 2021 ж.



ПАНДЕМИЯНЫ ТОҚТАТЫҢЫЗДАР! COVID-19 ҚАРСЫ ЕКПЕНІ САЛДЫРЫҢЫЗДАР!

Жаңа штамдардың пайда болуына қарай, эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты, «West Dala» ЖШС табандылықпен барлық қызметкерлеріне COVID-19 қарсы екпе салдыруды ұсынады. Индет жұқтыру жағдайының санын азайту үшін, компания топ-менеджерлері екпені әлдеқашан салдырды. Сіз де денсаулығыңыздың пайдасына және өміріңізді сақтап қалуға таңдау жасаңыз!

2021 жылдың жазында Қазақстанда тәжді індеттің жаңа штамы тарала бастады. «Дельта», немесе үнді штамы делінетін, ауру ағынында аса агрессиялығымен ерекшеленеді. «Дельта» штамы клиникасының өзгешелігі инкубациялық кезеңді 5 күнге дейін қысқарту болып табылады. Мұндай штамды жұқтырған кезде, ішектік симптоматика басым болып келеді, аурудың жылдам қарқындауы, жас шамадағы ауыратындар санының көбеюі, барынша балалар мен жүктілер арасында ауыр өтуі.



ЕКПЕ – БҰЛ ӨЗІМІЗДІ ЖӘНЕ ОТБАСЫМЫЗДЫ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛАТЫН БІЗДІҢ ЖАЛҒЫЗ МҮМКІНДІГІМІЗ!

«Екпе – бұл өзімізді және отбасымызды құтқарып қалатын біздің жалғыз мүмкіндігіміз. Балаларымыз біздердің қателіктеріміз үшін зардап шекпеуі керек! Бейбіт заманда жақындарымыздан айырылып қалуға болмайды», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев эпидемиологиялық жағдайдың мәселелері бойынша өткен мәжілісте. Мемлекет басшысы бейбіт медицина әзірге басқа әдістер ұсынбағанын және көз жетерлік болашақта ұсынатыны екіталай екендігін баса айтты.

**Нұр-Сұлтан қаласы. АА «Қазақпарат»,
19 шілде 2021 ж.**

Құрметті әріптестер!



Жылдан аса бәріміз пандемия жағдайында жұмыс істеп, өмір сүріп келеміз. Ел басшысының әрекеті экономикамыз дағдарыстың тереңіне түсіп кетпеуіне, дүние жүзін құрсауына қармаған қауіпті індет пайда болғанда байбаламға қарсы тұра білуге көмегін тигізді. Біздер еңбек және экономика нарығының біртіндеп қалыпқа келе жатқанын көріп отырмыз, соның ішінде мәселен, біздің компания қызметі. Көбісі бұл жағдайды әдеттегі өмірімізге қайтып оралу деп қабылдаған күйінен қырағылығымызды әлсіретіп алдық. Өкінішке орай, індет мутацияланады, сондықтан босаңсуға әлі ерте. Ғалымдар қысқа мерзімде аурудан қашуға көмектесетін әрі оның ауырлығын жеңілдететін қауіпсіз де, тиімді екпе өңдеп шығара алды. Екпелер індеттің зиянды залалын азайту үшін ұжымдық иммунитет қалыптастырады. Қазірде біздің медициналық мекемелеріміз тегін екпе салдыруға мүмкіндік беруде. Маңыздысын ұғыну қажет, мұндай мүмкіндіктер көптеген мемлекеттердің азаматтарына берілмеген! COVID-19 қарсы күрестің жетістігі тек жалпы жағдайда ғана мүмкін болады. Бүгінгі біздің міндетіміз – толықтай, өзімізге өзіміз және елімізге көмек беру. Әлеуметтік желілердегі жіберілімдер мен қауесеттерге сенудің қажеті жоқ. Өткен жылы, компания атынан ауруханаларға медициналық құралдар беру ұйымдастырылған кезде, біздер өмір үшін нағыз күрестің не екенін көзімізбен көрдік. Әрі қазір де екпенің пайдасына ресми медициналық дәлелдер беріліп тұрғанда, COVID-19-сыз өмір сүруге берілген мүмкіндікті елемеген болмайды. Өз өміріңізді, туғандарыңызды, жақындарыңызды, әріптестеріңізді, достарыңыз бен көршілеріңіздің денсаулығын сақтап қалу үшін, екпе салдырыңыз. Қауіпсіз еңбектену үшін, екпе салдыртыңыз!

«West Dala» ЖШС Бас директоры
Қайрат Шәменұлы Салахаденов

Құрметті әріптестер!



Екпе тақырыбы әлем бойынша көп талқыланғанына да біраз болды. Қәнекей, фактілерге назар аударайықшы. Біріншіден, екпе біздің иммундық жүйемізге, сондай-ақ ауырған кездегідей антидененің қалыптасуына көмектеседі. Екіншіден, екпе салдырған адамдар індеттен едәуір жақсы қорғалынады. Бұл әсіресе маңызды, үздіксіз жұмысты талап ететін «West Dala» өндірістік нысандарының ерекше қызметін ескергенде. Үшіншіден, статистикалық санақ растағандай – ауру әсіресе үлкен жастағы және кім созылмалы аурумен қиналады, сол адамдарға қауіпті. Екпе салдыра отырып, біздер осындай адамдардың өз денсаулықтарын сақтап қалуға және олардың жұқтыру қаупін төмендетуіне көмек береміз. «West Dala» компаниясы нысандарында эпидемиологиялық қауіпсіздіктің барлық шаралары қадағалануда. Бүгінде өз денсаулығын сақтап қалу мен мекеменің дұрыс қызмет етуі үшін қажетті шарт екенін түсініп, компания қызметкерлерінің көбісі өз еркімен екпе салдыртуда. Компанияның жалпы күйі, аймақтың да, барлық жұмысшыларымыздың саналылығына байланысты. Биылғы жағдайдың маңызын түсінуде, біздің бәріміз бір-бірімізбен өте тығыз байланыстамыз, әріптестеріміздің әрекеттілігі немесе әрекетсіздігіне тәуелдіміз. Әзірге ешкім тәжді індет пандемиясының аяқталу мерзімін болжай алмайды. Мутациялану мен жаңа штамдардың пайда болуынан бұл кезең кейінге шегіндірілді. Алайда, дәл осы екпе салдыру патогенінің әрі қарай таралуын тоқтата алады, себебі COVID-19 екпе салдырғандар арасында індеттің мутациялануы болмауда. Екпе салдырған адамдар саны көбейген сайын, тәжді індетті оқиғаларды тоқтату мүмкіндігі жоғары болмақ. Өзіңізді, туғандарыңыз бен жақындарыңызды қолдаңыз! COVID-19 жалпыға бірдей екпе салдырумен қамтамасыз ете алатын шексіз салауатты өмір салтын таңдаңыз!

«West Dala» ЖШС
корпоративтік даму директоры
Диас Хабиев



Құрметті әріптестер!



Тәжді індеттің таралуына байланысты, қоғам алдында қауіпсіз тіршілік сұрағы тұр. Дүние жүзі бойынша кең көлемде және компанияның екпе салдыру тарихы бойынша жалғасуда: күн сайын COVID-19 қарсы екпені алты миллионға жуық адам салдыруда. Бастысы, әрбір екпе салдырушылар өздеріне не үшін есеп беруі тиіс – екпе жұқтырудан қорғамауы мүмкін, бірақ аурудың ауыр өтуінің бетін қайтарады. Екпе шындығында тәжді індеттен өлу ықтималын жояды немесе жан сақтау бөліміне әкеледі. Қазіргі уақытта екпе – тәжді індеттің айналасын төңіректен жүргеннің бәріне сәйкес келетін серпіліс. «Біздің денсаулығымыз – біздің қолымызда» деген атақты ұран бар, қазір сол 100% маңызды. Пандемия жағдайында мынаны ұғынған жөн, біздердің әрқайсымыз өз денсаулығымызға ғана емес, жақындарымыз бен жұмыстағы әріптестеріміздің денсаулығына жауаптымыз. Сондай-ақ білген дұрыс, тіпті екпе салдырғаннан кейін індеттің таралу қаупі азаю үшін індеттің алдын-алуына қажетті барлық шараларды қадағалау: бетперде киіп жүру, әлеуметтік қашықтықты сақтау, қол тазалығы, ғимаратты желдету, адам шоғырланған орындардан қашқақтау. Қәнекей, «West Dala» өндірістік нысандарында қауіпсіз еңбек жағдайын бірге жасайық!

«West Dala» ЖШС-ң МИЖ және
өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау
департаменті басшысы
Бағдат Дүйсебаев

Құрметті әріптестер!



«West Dala» компаниясында қызметкерлердің екпе салдыру жұмысы жалғасуда. Тәжірибеден көріп отырмыз, COVID-19 індетінің ауыр асқынуларынан тиімді түрде екпе қорғауда. Екпе салдырту туралы шешімді әркім өзі немесе емдеуші дәрігерімен бірге қабылдайды, ағымдағы күйі және бойындағы сырқаттарына қарай. Егер, қарсы көрсетім болмаса, денсаулыққа төнетін қауіпті таразылау керек: COVID-19 қарағанда олар екпемен төмен болатынын. Мықты иммунитет дәл осы екпеден кейін қалыптасады. Бұдан мынаны түсіну керек, қорғану шараларын қадағалау - бетперде, әлеуметтік қашықтық – екпеге қоса жұқтыру қаупін төмендетеді. Сондықтан, тіпті екпе салдырғандардың өзі барлық қажетті талаптарды орындағаны жөн. Барлықтарыңызды COVID-19 қарсы екпе салдыруға шақырамын, індетке байланысты шексіз әдеттегі өмірге қайтып оралуға жақындауымыз үшін.

«West Dala» ЖШС санитар дәрігері
Ерзат Тұяқбаев